

«Келісілді»
«Павлодар қаласы білім беру
бөлімі» ММ

20__ жылғы «__» _____

Бекітемін:
«№28 сәбилер бақшасы» КМҚК
Басшы К.Е. Жумасанова
20__ жылғы «__» _____ 40



№28 сәбилер бақшасының білім беруге арналған логопед қосымша ақылы қызметтің берілу жағдайы

I. Жалпы жағдай

1. Осы жағдай ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес жасалған, ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі «Тауарларды (жұмыс қызмет) Мемлекеттік білім беру мекемелердің өткізуі бойынша әрекеттер түрін жүргізу Ережесін бекіту туралы» № 1102 қаулысына, "Республикалық немесе жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын, сатудан түсетін ақша өздерінің иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарлары (жұмыстары, көрсетілетін қызметтері) тізбесінің сыныптауышын бекіту туралы" 2009 жылғы 25 мамырдағы № 215 бұйрығына сәйкес әзірленген.

2. Білім беруге арналған қосымша ақылы қызметтерге мыналар жатады: ата-аналардың тілегі бойынша тәрбиешілерге берілген қызметтер, шарт негізінде жеке кесте бойынша, с/бақшасымен ата-аналар арасында немесе тәрбиешінің заңды өкілімен жасалған.

3. Сәбилер бақшасы қосымша ақылы қызметтерді берілген жағдайға байланысты уақытында, ретімен береді.

II. Білім беруге арналған хореография бойынша қосымша ақылы қызметтің түрлері

1. Сәбилер бақшасы дамытушылық қызметті көрсетеді:

-Логопед

Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілін дамыту, фонематикалық естуін, сөздік қорын және байланысты сөйлеуін қалыптастыру.

III. Логопед қосымша ақылы қызметтің берілу жағдайы

1. Балалардың өмірін және денсаулығын сақтаудағы талаптарға сай, қазіргі санитарлық жағдай мен нормаларға байланысты, білім беруге арналған қосымша ақылы қызметтерді беруде, керекті жағдайлар жасалады.

2. Білім беруге арналған қосымша ақылы қызметтердің түріне байланысты, балабақшада басшы бекіткен перспективті-тақырыпты жоспар болуы керек.

3. Қосымша білім беруге арналған қызметтер, негізгі білім беру әрекетінің ішіне кірмейді немесе орнына берілмейді.

4. Кіріс және шығыс сметасы бойынша сәбилер бақшасы берілген қосымша ақылы қызметтерді, өз қалауы бойынша қолдануға құқығы бар. Алынған кіріс толығымен сәбилер бақшасының қарамағында және жарғылы мақсат бойынша жұмсалады:

- білім барысын толық жетілдіру және дамыту;
- сәбиелер бақшасының материалдық базасын дамыту;
- қызметкерлерді мәртебелеу.

5. Ақылы қызметтердің бағасы, сәбилер бақшасының әкімшілігі және ата-аналардың келісімімен және бекітілген смета бойынша анықталады. Берілген ақылы қызметтерді ата-аналар преysкурант бойынша, келесі айдың 10-на дейін төлеу керек.

6. Қосымша қызметтердің төлемі, балалардың қатысқан күндерінің преysкуранты бойынша алынады. Қатыспаған сабақтардың күнін есептеп, төлемі келесі айда болады.

7. Ата-аналарға қосымша ақылы қызметтерді төлеуге арналған түбіртек беріледі. Төлеу бан арқылы ақшасыз есеп айырсу жолымен өтеді.

8. Ақылы қызметтерді беретін кісілерге немесе басқа адамдарға қолдарына ақша беруге тиым салынады.

9. Балабақша қызметкерлерінің балаларына бір сабаққа 50% мөлшерінде ақылы қосымша білім беру қызметтерін ұсынады.

IV. Логопед қосымша ақылы қызметті реттеу

1. Білім беруге арналған қосымша ақылы қызметтерді үйрету сұранысын ұйымдастыру және оқытылатын кісі құрамын білу.

2. Білім беруге арналған қосымша ақылы қызметтерді ұйымдастыруға жауапты кісілерді тағайындауға басшы бұйрық шығарады және олардың міндеттерін анықтайды.

3. Басшы білім беруге арналған қосымша ақылы қызметтерді ұйымдастыруға бұйрық шығарады және сәбилер бақшасы беретін қызметтердің тізімін бекітеді.

4. Білім беруге арналған ақылы қызметтерді беруде талапқа сай жағдай туғызу, бала денсаулығын және қауіпсіздігін сақтауда.

4.1. Оларды қолданыстағы Санитарлық ереженің нормаларына сәйкес өткізу үшін жағдай жасау.

4.2. Кадр құрамымен қамтамасыз етілсін және қосымша ақылы қызмет көрсету бойынша еңбек келісімдері рәсімделсін.

5. Білім беруге арналған ақылы қызметтерді беруге ата-аналармен шарт құру.

6. Құрылған шарт негізінде сәбилер бақшасының жұмысын ұйымдастыру бұйрығын шығару бұның ішінде білім беруге арналған ақылы қызметтер: педагогтардың сағаттары, жұмыс кестесі, шығыс сметасы, білім

беруге арналған ақылы қызметтерді жүргізуде оқу жоспары, тарификациялық тізім, штат.

7. Білім қызметтерінің сапасын бақылауды ұйымдастыру.

8. Үйірмеге қатысу табелін жүргізу.

9. Қосымша қызметтер жоспарланбаған уақытта жүреді. Күннің екінші жартысында.

10. Қосымша сабақтардағы топтың толықтырылуы, қосымша қызметтің түріне байланысты анықталады.

11. Сабақтың ұзақтығы балалардың жас ерекшелігіне байланысты бекітіледі.

12. Ақылы қызметтерден кіріс былай бөлінеді:

- 50%-үйірменің еңбекақысын оқытушысына төлеу;

-10%-бухгалтерге еңбекақысын төлеу;

-5%- басшыға жалақы есептеу;

-9,5% - әлеуметтік салық бюджетіне;

-25,5%- шаруашылық шығындар.

V. Қосымша білім беру қызметін бақылау

1. Білім беруге арналған қосымша ақылы қызметтерді сапасы мен ұйымдастыруын бақылау және ақыны дұрыс алуы сәбилер бақшасының әкімшілігімен жүргізіледі.

VI. Жауапкершілік

1. Білім беруге арналған қосымша ақылы қызметтердің ұйымдастырылуына және сапасына жауапты - сәбилер бақшасының басшысы.

2. Ақылы қызметтерді сәбиелер бақшасы ретімен, уақытында, жарғы негізінде, белгіленген шарт бойынша өткізеді.

3. Сәбиелер бақшасы мен ата-аналар арасындағы құрылған шарт бойынша міндеттемелерді орындауға екі жақ жауапты.